Қатысушылардың Жалпы жиналысының
2022 ж. «18» мамыр № 44
хаттамасымен бекітілді

«СМЭУ Астана»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жарғы Қатысушылар құрамының өзгеруіне байланысты жаңа редакцияда бекітілді.

1.2. Бұдан әрі – Серіктестік деп аталатын «СМЭУ Астана» жауапкершілік шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады. Серіктестік өз қызметін осы Жарғыға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде жүзеге асырады.

1.2. «СМЭУ Астана» ЖШС жұмыскерлерінің орташа жылдық саны 250 адамға дейін және жылына активтерінің орташа жылдық бағасы үш жүз жиырма бес еселік айлық есептік көрсеткішінен аспайтын орташа кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

1.3. Серіктестіктің атауы:
мемлекеттік тілде: «СМЭУ Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Қысқартылған атауы «СМЭУ Астана» ЖШС.
орыс тілде: Товарищество с ограниченной ответственностью «СМЭУ Астана». Қысқартылған атауы ТОО «СМЭУ Астана».

1.4. Серіктестіктің орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Ілияс Жансүгірұлы көшесі, 14/3 ғимарат (ор төрт бөлшек үш).

2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ:

Серіктестіктің қатысушылары мыналар:

- **«GIG Global Integration Group GmbH», тіркеу нөмірі 23635533, мекенжайы: 1010, Австрия, город Вена, Тегеттхоффштрфссе 7. Beneficiary bank - Signet bank AS. Beneficiary bank address: 3 Antonijas str., Riga, LV-1010 Latvia. SWIFT code (SWIFT код): LLBBLV2X. Beneficiary name: GIG GLOBAL INTEGRATION GROUP GMBH. Beneficiary current account: LV67LLBB0003204002510.**
- **Османова Мона Самвеловна, жеке куәлік № 047653080, ҚР ІІМ 16.03.2020 жылы берілді, ЖСН 790619400321, тіркелген мекенжайы: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарқырама көшесі, 4-үй, 55-пәтер.**
- **Сартина Галина Леонидовна, паспорты № 76 1972308, Ресей ІІМ 50001 22.11.2019 жылы берілген, тіркелген мекенжайы: Ресей, Санкт-Петербург қаласы, Василеостровский ауданы, Кораблестроителей көшесі, 40-үй, 7 жақтау, А әріптер, 27-пәтер.**
- **Утепов Максим, паспорты P KAZ N12024656, ҚР ІІМ 10.09.2018 берілді, ЖСН 770324300645, тіркелген мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Мамыр 2 ықшам ауданы, 10-үй, 3-пәтер.**

Серіктестік пен Қатысушыларының арасында қарым-қатынас адалдық, заңдылық, Қатысушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтау, Серіктестік Қатысушыларының міндеттерін орындау, ерікті ерік білдіру, жариялық принциптеріне құрылады.

3. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Серіктестіктің қатысушылары:

- Серіктестіктің ҚР қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген істерін басқарудан қатысуға;
- Серіктестіктің қызметі, оның мүлкі, кірісі мен шығысы туралы ақпарат алуға, Серіктестіктің бухгалтерлік және басқа құжаттарымен танысуға;
- Серіктестен оның есебінен тәуелсіз аудиторлармен (сыртқы аудит), сондай-ақ Қатысушы ұсынған мамандармен аудиторлық тексеру жүргізуді талап етуге;
- Серіктестіктің жоспарлы, және жоспарлан тыс тексеру жүргізуді талап етуге;
- өзінің Серіктестегі үлесінің мөлшеріне сай Серіктестіктен таза табыс алуға;
- Серіктестіктің құрамынан бекітілген тәртіпте шығуға;
- Серіктестік таратылған жағдайда несие берушілермен есептескен соң қалған оның Серіктестіктегі мүлкінің үлесіне сай мүлік бөлігін немесе оның ақшасын алуға;
- Серіктестікте ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте өз үлесін адалау арқылы қатысуын тоқтатуға;
- Серіктестіктің басқару органының өздерінің заңнамада және (немесе) Серіктестік жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдерін сот тәртібінде даулауға құқылы.

3.2. Серіктестік қатысушылары:

- жарғылық капиталға үлес және қосымша жарналар салуға;
- серіктестікке қатысты өзіне жүктелген міндеттерді орындауға;
- құрылтай құжаттарының шарттарын орындауға;
- Серіктестіктің істерін басқаруда қатысуға;
- Серіктестіктің коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерді жарияламауға;
- атқару органын Серіктестік қатысушыларының құрамы бойынша мәліметтерінің өзгергені туралы атауын, орналасқан жерін және мекенжайын көрсете отырып, жазбаша хабарландыруға міндетті.

3.3. Қатысушылардың ҚР заңнамасында көзделген басқа құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін.

4. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

4.1. Серіктестік мемлекеттік тіркеу мезетінен бастап заңды тұлға құқықтарын иеленеді.

4.2. Серіктестіктің дербес теңгерімі, банктері шоттары, өз атаулары бар бланктері бар.

4.3.Серіктестік өз мақсаттарына жету үшін өз атынан мәміле жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттерді орындауға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

4.4. Серіктестік филиалдар мен өкілдіктер ашуға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одаққа) мүше болуға, сонымен қатар басқа заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға құқылы.

4.5. Серіктестік өзінің барлық міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бар мүлкімен жауап береді. Серіктестік қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда өзінің қатысушыларының міндеттемелері бойынша

жауап бермейді. Серіктестік Қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестік қызметімен байланысты шығындардың тәуекеліне өзінің қосқан үлесі шегінде жауапты болады.
4.6. Серіктестік Қатысушыларының құрамындағы өзгертулер ҚР қолданыстағы заңнамамен реттеледі.
4.7. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектеусіз.

5. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ӨНДІРІСТІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

5.1. Серіктестік өндіретін өніміне, қызметтерге, жұмыстарға сұранысқа, Серіктестіктің өндірістік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету қажеттігіне байланысты жоспарлар мен бағдарламаларын өздігінен әзірлейді және бекітеді.
5.2. Серіктестік Қатысушы анықтаған баға түзу принциптеріне негізделіп, өз қызметінің бағытын, өндіріс көлемі мен құрылымын, жүргізілетін жұмыстарын,а қызметтеріне, өніміне баға мен тарифтерін өздігінен анықтайды.
5.3. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша басқа заңды тұлғалармен, жеке кәсіпкерлермен, жеке тұлғалармен банктік мекемелер арқылы қолма-қол ақшасыз немесе ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте қолма-қол ақша құралдарымен есептесуді іске асырады.
5.4. Серіктестік еңбек ұжымы мүшелерінің кәсіби деңгейін арттыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, Серіктестіктің біліктілігі мен экономикалық мүдделерді ескере отырып, келісімшарттық негізде олардың арасында жұмысты бөледі.
5.5. Серіктестік заңнамада бекітілген тәртіпте мемлекет бюджетіне міндетті аударымдар жасайды.
5.6. Өз қызметінің нәтижелерін есепке алады, қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте қаржылық және статистикалық есепті жүргізеді.
5.7. Серіктестіктің еңбек ұжымының мүшелеріне әлеуметтік және еңбек кепілдіктерін қамтамасыз етеді.
5.8. Серіктестіктің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оның қатысушыларының мүддесін қозғайтын қызметі туралы ақпаратты ұсынады.
5.9. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты үлес иеленушілеріне ұсынуды серіктестік жарғысына сәйкес іске асырады. Ақпаратты ұсыну тәртібі және көлемі жарғымен және үлестерді иелену туралы алдын ала шарт бойынша белгіленеді.

6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ АҚПАРАТТЫ, ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНУЫ

6.1. Серіктестік өз Қатысушыларының талабы бойынша Серіктестіктің келесі мүдделерді қозғайтын қызметі туралы ақпаратты ұсынуға міндетті:
1.Серіктестік Қатысушыларының, атқару органының, Серіктестік тексерушісінің қабылдаған шешімдері және қабылданған шешімдерді орындау туралы ақпарат;
2.Серіктестіктің өзіндік капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы,
3.Серіктестіктің нәтижесінде оның өзіндік капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын сомаға мүлік алынатын немесе адаланатын ірі мәмілелері немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелерді жасасуы,
4.Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрлерін және (немесе) белгілі әрекеттерді іске асыруға лицензия алуы, олардың қызметін уақытша тоқтату немесе тоқтату, сонымен қатар серіктестіктің бұрын белгілі бір қызмет түрлерін және (немесе) белгілі әрекеттерді іске асыруға алған лицензияларынан айырылуы,

5.Серіктестіктің мүлкіне тиым салу,
6.нәтижесінде Серіктестіктің теңгерімдік бағасы оның активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан артық пайызын құраған мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың орын алуы,
7.Серіктестіктің және (немесе) оның лауазымдық тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы,
8.аудиторлық есеп (болған жағдайда),
9. Серіктестікті мәжбүрлі қайта құру туралы шешім,
10. Серіктестік Қатысушыларының мүдделеріне қатысты өзге ақпарат.
6.2. Серіктестік Қатысушыларына Серіктестік қызметі туралы ақпаратты ұсыну Серіктестік Қатысушыларынан жазбаша өтінім келіп түскен мезеттен 10 күнтізбелік күн ішінде іске асырылады.
6.3. Серіктестіктің қызметі туралы үлес иелеріне ақпаратты ұсыну үлес иесінен жазбаша өтінім келіп түскен мезеттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде іске асырылады.
6.4. Серіктестіктің қызметіне қатысты, тізімі ҚР «Шаруашылық серіктестіктер туралы» заңының 8-2-бабында анықталған құжаттар Серіктестікте оның атқарушы органының орналасқан мекенжайында қызмет етуінің бар мерзімі бойынша сақталуы тиіс. Серіктестіктің өзге құжаттары ҚР заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.
6.5. Серіктестік Қатысушыларының талабы бойынша Серіктестік осы баптың 6.4.-тармағында көзделген құжаттың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

7.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты жарғылық қызметті іске асыру арқылы пайда алу.
7.2.Серіктестік заңнама актілерінде тиым салынбаған кез келген қызмет түрлерін іске асыра алады.
7.3.Тізімі заңнама актілерінде анықталған жекелеген қызмет түрлерімен Серіктестік лицензия негізінде айналыса алады.
7.4.Серіктестіктің негізгі қызмет түрлері:

- Заманауи техникалық құралдарды және мүліктік мүдделерді қорғау жүйелерін әзірлеу және өндіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету,
- Заманауи байланыс құралдарын әзірлеу және өндіруді ұйымдастыру, олардың негізінде радиокүзет жүйелерін, транктік байланыс жүйелерін және дербес шақыру жүйелерін, навигациялық жүйелер негізінде объектілерді серіктік бақылау жүйелерін жобалау,
- Техникалық және ақпараттық қауіпсіздіктің заманауи бағдарламалы-аппаратты құралдарын енгізу,
- Жолды реттеу құралдарын пайдалану қызметтерін көрсету,
- Жол қозғалысын орнату, құрастыру, жөндеу, пайдалану, өндіру және іске асыру бойынша қызметі,
- Күзет-өрт дабылдамасы құралдарын орнату және қызмет көрсету,
- Бейнебақылау жүйелеріне қызмет көрсету,
- Көліктік, сервистік, пайдалану қызметтері, соның ішінде автокөліктерді, агрегаттарды, механизмдерді, құралдарды сатып

алу, жеткізу, сату, орнату, әзірлеу, пайдалану, сервистік қызмет көрсету,

- Инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау: технологиялық процестерді автоматтандыру,
- Құрылысқа арналған жобалық жұмыстар (сейсмикалық емес аудандар),
- Құрылыс-монтаж жұмыстары (сейсмикалық емес аудандар), жер қазу жұмыстары,
- Сыртқы инженерлік желілерді және ішкі инженерлік жүйелерді орнату бойынша жұмыстар,
- Технологиялық жабдықты құрастыру (соның ішінде іске қосу-реттеу жұмыстары),
- Толық жөндеу және қайта құру, соның ішінде жауапкершілікті күшейту,
- Автокөлік жолдарын салу және жөндеу, жол-құрылыс жұмыстары,
- Жол, құрылыс техникасын, жабдығын, машиналарды сатып алу және сату,
- ХТТ және өндірістік арналымдағы тауарларды жеткізу, сату,
- Делдалдық қызмет, маркетингтік және өзге қызметтерді іске асыру,
- Көрмелерді ұйымдастыру,
- Зияткерлік қызмет өнімдерін, соның ішінде патенттерді, лицензияларды, ноу-хауды және т.б. әзірлеу, тіркеу,
- Сыртқы экономикалық қызмет, экспорт, импорт.

8. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

8.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы **87 200,00** (сексен жеті мың екі жүз) теңгені құрайды.

8.2. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым болып ақша, бағалы қағаздар, мүлік, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелерін және өзге мүлікті иелену құқығы табылады.

Жеке мүліктік емес құқықтарды және өзге материалдық емес игіліктерді салым ретінде салына алмайды.

8.3. Тіркеу мезетіне жарғылық капитал толығымен төленді.

8.4. Серіктестіктің Жарғылық капиталы шаруашылық-коммерциялық қызметінен түскен табыс есебінен, қажет болған жағдайда Қатысушылардың қосымша салымдары есебінен толтырыла алады.

8.5. Қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлесі және сәйкесінше шаруашылық серіктестік мүлкінің бағасындағы үлесі (мүлкіндегі үлесі) жарғылық капиталдағы салымына шамалас.

8.6. Қатысушы салымының жарғылық капиталының жалпы сомасына қатынасы Қатысушының жарғылық капиталдағы үлесі болып табылады. Мұндай үлес бүтін немесе пайызбен берілуі мүмкін.

8.7. Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімі бойынша толық төлену шартында Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгеруі мүмкін.

8.8. Серіктестіктің жарғылық капиталын арттыру Қатысушылардың салған қосымша салымы, Серіктестіктің өзіндік капиталы есебінен, Серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау арқылы іске асырыла алады.

8.9. Жарғылық капиталды жаңа қабылданған Қатысушының қосымша салымын салу арқылы арттырылуы кезінде осындай үлестің мөлшері Қатысушылардың

жарғылық капиталдағы үлесін қайта есептеу қажеттілігін ескере отырып, анықталады.
8.10. Серіктестік оны мемлекеттік тіркеуді іске асыратын органды Серіктестіктің Жалпы жиналысы жарғылық капиталды арттыру туралы шешімді қабылдаған күннен бастап үш айдың ішінде хабарландыруға міндетті.
Хабарландыру мезетіне жарғылық капитал арттырылатын соманың жартысынан кем болмайтын сомаға салымдар салынуы тиіс.
8.11. Жарғылық капиталды азайту ҚР «Қосымша және шектеулі жауапкершіліктері бар серіктестер туралы» заңының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.
Серіктестіктің жарғылық капиталын оның мемлекеттік тіркелуі мезетінде заңнамада белгіленген минималды мөлшерінен төмен болмауы тиіс.

9. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

9.1. Серіктестіктің мүлкін негізгі және айналым қаражатын, сонымен қатар бағасы Серіктестіктің теңгерімінде көрініс табатын өзге мүлікті құрайды.
9.2. Мүлікті қалыптастыру көздері болып:
- Қатысушылардың жарғылық капиталға салымы;
- Серіктестік қызметінен түскен табыс;
- заңнамада тиым салынбаған өзге көздері табылады.
9.3. Серіктестік жарғылық капиталдың 25% мөлшерінде сақтаулы капиталын құрай алады. Сақтаулы капиталының қалыптасуы Қатысушылардың Жалпы жиналысында анықталатын мөлшерде таза табысынан жыл сайынғы аударымдары арқылы іске асырылады.
9.4. Серіктестік Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша оның қызметі мен әлеуметтік дамуына қажетті басқа қорларды құра алады. Қордың қаражаты Серіктестіктің пайдалануында болады.
9.5. Серіктестіктің табысы материалдық және оған теңестірілген шығындары, еңбек төлемінің шығындарын өтеген соң шаруашылық қызметінің түсімі есебінен қалыптасатын бір жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша анықталады.

10. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ

10.1. Серіктестіктің оның тоқсандағы, жартыжылдықтағы немесе жылдағы қызмет нәтижелері бойынша алынған таза табысы Қатысушылардың серіктестік қызметін тоқтан, жарты жыл немесе жыл ішіндегі қызмет нәтижелерін бекітуге арналған Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес бөлінеді.

Қатысушылар таза табысты немесе оның бөлігін Серіктестіктің Қатысушылары арасында бөлуден алып тастау туралы шешімді қабылдауға, сонымен қатар алдыңғы кезеңдер бойынша таза табысты бөлуге құқылы.

Қатысушылар табысты бөлу туралы шешімді қабылдаған жағдайда төлемді Серіктестік ақшалай нысанда таза табысты бөлу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде жүргізуі тиіс.
10.2. Серіктестіктің ықтимал шығындары ол Серіктестікте құрылған жағдайда сақтаулы қор есебінен жабылады. Сақтаулы қор қаражаты жетіспеген жағдайда немесе сақтаулы қор болмаған жағдайда шығындарды өтеу көздері туралы шешімді Қатысушылар қабылдайды.
10.3. Серіктестік Қатысушылардың арасында Серіктестіктің бар жарғылық капиталы толық төленгенге дейін бөлуге құқылы емес.

11. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

11.1. Серіктестіктің Жоғары органы Қатысушылардың Жалпы жиналысы болып табылады.

11.2.Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- Серіктестіктің жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту немесе жарғыны жаңа редакцияда бекіту,
- Серіктестіктің (оның филиалдары мен өкілдіктерін) атқарушы органын құру және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Серіктестіктің атқарушы органы мүшесінің және тексерушінің еңбегін төлеу шарттарын анықтау,
- Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешімді қабылдау және осындай берудің шарттарын анықтау,
- Серіктестік тексерушісін таңдау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Серіктестік тексерушісінің есептері мен қорытындыларын бекіту,
- Жылдық қаржылық есепті, сондай-ақ тоқсандық, жартыжылдық және таза табысты бөлу кезінде жылдық қаржылық есепті бекіту;
- бекітілуі Серіктестік жарғысымен Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды бекіту;
- Серіктестіктің өзге шаруашылық Серіктестіктерде, сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдарда қатысу туралы шешімі;
- Серіктестікті қайта құру және тарату туралы шешім;
- Серіктестіктің қызметін уақытша тоқтату туралы шешім;
- Серіктестіктің қызметін уақытша тоқтату туралы шешім.
- Тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімін бекіту.
- Серіктестік Қатысушысы Серіктестікке немесе оның Қатысушыларына зиян келтірген жағдайда Серіктестік Қатысушысынан үлесін мәжбүрлі сатып алу туралы шешім,
- Серіктестіктің бар мүлкінің немесе оның бөлігінің кепілдігі туралы шешімі,
- Серіктестік мүлкіне қосымша жарналарды салу туралы шешім,
- Серіктестік Қатысушыларына және үлес иелеріне Серіктестік қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімін бекіту,
- Серіктестіктің мүлкін (негізгі қаражатын) бағасына қарамастан адалауға, соның ішінде (бірақ осымен шектелмей) сатуға, алмасуға, сыйлауға, ақысыз беруге, жалға, қарызға беруге бағытталған мәмілелерді жасау туралы шешім,
- Серіктестіктің кепілдік, кепілгерлік шарттарын жасауы туралы шешімі,
- Серіктестіктің өніміне, жұмысына және қызметтеріне баға түзудің негізгі принциптерін анықтау,
- Несие алу, қарыз беру, қызметкерлерді 1 000 000 (бір миллион) теңгеден жоғары сомаға қаржыландыру туралы шешім қабылдау.
- Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін ашу (жабу) туралы шешім.

11.3. Қатысушылардың жалпы жиналысы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге органдарының кез келген шешімдерін жоюға құқылы.
11.4. Қатысушылардың Жалпы жиналысында барлық шешімдер бірауыздан қабылданады. Қатысушылардың жалпы жиналысы егер қатысқандар немесе онда қатысқан Серіктестіктің Қатысушылары жиынтығында Серіктестік Қатысушыларының жалпы санынан 100 % құрайтын жарғылық капиталының 100 % мөлшеріндегі үлесіне ие болса, шешім қабылдауға құқылы.
11.5. Қатысушының үлесін мәжбүрлі сатып алу туралы шешім қабылдау кезінде үлесі мәжбүрлі тәртіпте сатып алынатын Қатысушы дауыс беруге қатыспайды.
11.6. Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысындағы шешімдер ашық дауыспен қабылданады.
11.7. Серіктестіктің оның қызметіне ағымдағы жетекшілік ететін атқарушы органы болып Директор табылады, ол Қатысушылардың Жалпы жиналысына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Директордың өкілеттіктерінің мерзімі еңбек шартының талаптарымен анықталады, бірақ мерзімі бес жылдан аспауы тиіс.
11.8. Директор Қатысушылардың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын, ҚР қолданыстағы заңнамасында, осы Жарғыда, ережелерде және Қатысушылардың Жалпы жиналысының қабылдаған өзге құжаттарында анықталған барлық мәселелерде құзыретті, соның ішінде:

- Ағымдағы және келешектегі жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімдерін дайындауды және орындалуын ұйымдастырады;
- Серіктестіктің мүлкіне, соның ішінде қаржы құралдарына, Қатысушылардың Жалпы жиналысында анықталған тәртіпте және шегінде иелік етеді;
- Серіктестіктің атынан ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік органдармен, соттармен қарым-қатынаста Серіктестік қызметінің мәселелері бойынша Қатысушылардың Жалпы жиналысы ұсынатын және осы жарғыда анықталған өкілеттіктер шегіндегі мәселелер бойынша байланыс жасайды;
- сенімхатсыз Серіктестік атынан қызмет етеді;
- Серіктестікті таныту құқығына, соның ішінде сенім ауыстыру құқығымен сенімхат береді;
- Қатысушылардың Жалпы жиналысында және осы Жарғыда анықталған тәртіпте және шегінде шаруашылық шарттар жасасады;
- Серіктестіктің қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекті төлеу жүйесін анықтайды, қызметтік еңбекақылардың мөлшерін және жеке үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қатысушылардың Жалпы жиналысы бекіткен бюджет аясында ғана сыйақы беру мәселесін шешеді, марапаттау шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, өз құзыреті шегінде басқа қызметтерді орындайды.
- Қатысушылардың Жалпы жиналысына олардың бекіткен нысаны бойынша мыналарды ұсынады:

- Ай сайын, есептік айдан кейін келетін айдың 2-санына дейін қаржы құралдарының қозғалысы туралы есепті;
- Жыл сайын, жылдық қаржылық есеп бекітілгенге дейін – бюджеттің орындалуын,
- Тоқсан сайын, тоқсанның соңғы айынан кейінгі келетін айдың 25-не дейін – корпоративтік табыс салығы бойынша есеп,
- Жыл сайын, 25 желтоқсанға дейін келесі жыл бюджетінің жобасы.
- Серіктестік Қатысушыларына және үлес иелеріне серіктестік қызметі туралы ақпаратты жыл сайын, өткен жыл бойынша ағымдағы жылдың 31 наурызынан кешіктірмей ұсыну.

11.9. Қатысушы Директордың үшінші тұлғалармен осы Жарғыда және Қатысушылардың Жалпы жиналысының өзге ережелерімен белгіленген шектеулерін бұзумен жасалған мәмілелерінің жарамдылығын даулауға құқылы.

11.10. Директор Серіктестіктің Қатысушыларының Жалпы жиналысының оның Серіктестікке келтірген шығындарын өтеу бойынша талабы бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

11.11. Серіктестік Директорына:

1) Қатысушылардың Жалпы жиналысының жазбаша келісімінсіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда (соның ішінде сыйға тарту, қарыз алу, ақысыз пайдалану, сатып алу-сату шарттары және т.б.) алуға бағытталған мәмілелерді жасауға;
2) Серіктестіктің өзінен, сондай-ақ үшінші тұлғалардан Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін комиссиялық сыйақы алуға;
3) Серіктестікпен қарым-қатынаста үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүддесінде сөз сөйлеуге;
4) Серіктестік қызметіне бәсекелес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тиым салынады.

11.12. Серіктестік Директоры:

ЖШС коммерциялық құпиясын жарияламауға міндеттенеді.Коммерциялық құпия ретінде жариялануы, берілуі (шығып кетуі) ЖШС мүддесіне зиян келтіру мүмкін өндірісі, басқаруы, қаржысы, әріптестері (жеткізушілер, пайдаланушылар) туралы, ЖШС өзге қызметі туралы мәліметтер ұғынылады.

Директор коммерциялық құпияны жария еткен жағдайда ЖШС-қа оның әрекетімен келтірілген бар зиянды, соның ішінде жіберіп алған пайданы өтеуге міндеттенеді.

11.13. Осы Жарғының 11.11.-тармағының 1)-4) тармақшаларында көзделген шектеулер Серіктестіктің атқарушы органы мүшелерінің күйеуіне, барлық тікелей алыс және жақын туыстарына, сонымен қатар туған ағалары мен әпкелеріне қатысты да қолданылады. Шектеулердің қолданылу мерзімі Серіктестіктің атқару органының мүшелеріне еңбек қатынастары мерзімінде және тоқтаған соң үш жыл бойы әрекет етеді.

11.14. Серіктестіктің Қатысушылары Серіктестікке атқару органының өзінің немесе оның туыстарының осы Жарғының 11.11.-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген тиым салуларды бұзу арқылы келтірген шығындарын сотта өтелуін талап етуге құқылы.

11.15. Атқару органының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды іске асыру үшін Серіктестікте тексеруші тағайындалуы мүмкін. Тексерушіні (ішкі аудиторды) Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысы 5 жылдан аспайтын мерзімге таңдайды.

Серіктестіктің атқарушы органдарының мүшелері тексеруші бола алмайды.

Тексерушінің жұмыс тәртібі ережелермен және ЖШС-тың ішкі қызметін реттейтін өзге құжаттармен анықталады.
Тексеруші кез келген уақытта Серіктестіктің атқарушы органының қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді жүргізе алады. Тексерушінің осы мақсатта барлық құжаттамаға сөзсіз қолжетімділік құқығы бар. Тексерушінің талабы бойынша директор ауызша және жазбаша нысанда қажетті түсініктемелерді беруі тиіс.
11.16. Тексеру жүргізу үшін кәсіби сыртқы тексеруші тартылуы мүмкін.
Серіктестіктің кез келген қатысушысы өз қаражаты есебінен Серіктестіктің қаржылық есебінің аудитін жүргізуді талап етуге құқылы.
11.17. Заңнама актілерімен Серіктестік үшін жылдық немесе өзге қаржылық есептілікті аудиторлық тексеруді міндетті жүргізу белгілене алады.
11.18. Егер Серіктестіктің атқарушы органы серіктестіктің қаржылық есептілігін аудиторлық тексеруін осындай тексеру міндетті болса жүргізуден жалтарса, немесе оны жүргізу Серіктестік Қатысушысын қажет етсе, осындай тексеру Серіктестіктің кез келген мүдделі тұлғасының немесе Қатысушысының өтінімі бойынша қабылданған соттың шешімімен тағайындалады.

12. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ

12.1. Серіктестік директоры ЖЕШ, сонымен қатар еңбек қатынастарын реттейтін басқа нысандар негізінде жұмыскерлерді жұмысқа алуды жүзеге асыруға құқылы.
12.2. Серіктестік жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтарды ұсынуға кепілдік береді.
12.3. Әр жұмыскердің еңбек қатынастары жұмыстың түпкілікті нәтижелерін ескере отырып, еңбек үлесімен анықталады, ол максималды мөлшерімен шектелмейді және белгіленген ережелерге сәйкес салық салынады.
12.4. Серіктестік еңбекті төлеудің нысаны мен жүйесін анықтайды, мемлекеттік тарифтерді тиісті біліктіліктегі жұмыскерлердің және мамандардың еңбектерін төлеудің минималды кепілдігі ретінде қарастыра отырып, еңбек келісімшарттарында тарифтік мөлшерлеме мен еңбекақыларды қарастырады.
12.5. Серіктестіктің жұмыскерлері әлеуметтік сақтандыруға жатады.
12.6. Серіктестік барлық жұмыскерлерге қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз етуге міндетті және олардың денсаулығы мен еңбек қабілеттігіне зиян келтірілген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіпте жауапкершілікті иеленеді.

13. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРТУЛЕР

13.1. Серіктестік Қатысушысы Серіктестіктегі мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бөлігін үшінші тұлғаларға сатуға немесе өзге тәсілмен табыстауға құқылы. Дәл осылай Серіктестік Қатысушысы үшінші тұлғаның алдындағы міндеттемесін қамтамасыз ету мақсатында өз үлесін (оның бөлігін) кепілге қоюға құқылы. Серіктестік қатысушысының өз үлесін (оның бөлігін) үшінші тұлғаларға адалауына немесе тұлғаның алдындағы міндеттемесін қамтамасыз ету мақсатында өз үлесін (оның бөлігін) кепілге қоюына Серіктестіктің басқа қатысушыларының келісімімен ғана жол беріледі. Серіктестік кез келген жағдайда үшінші тұлғалардың алдында Қатысушылардың біреуі сатқан кезде Қатысушының үлесін немесе оның бөлігін сатып алу құқығы басымдығын пайдаланады.

13.2. Серіктестікке жаңа Қатысушыны заңнаманың және осы Жарғының талаптарын сақтай отырып, қабылдау серіктестік қатысушысы мен жаңа қабылданған қатысушының арасында құрылтай шартын жасау арқылы жүзеге асырылады.
13.3. Қатысушының Серіктестік мүлкіндегі үлесі оның серіктестіктің жарғылық капиталына салған салымына шамалас және толық төленгенге дейін төленіп қойған бөлігінде адалануы немесе кепілге қойылуы мүмкін.
Үлесті иелену құқығын кез келген негіздер бойынша жоғалтуы қатысушының серіктестік құрамынан шығуына әкеледі.
13.4. Қатысушының үлесі ол қайтыс болған жағдайда мұрагерлеріне өтеді. Үлестің мұрагерлеріне өтуі және оның бірнеше мұрагерлер арасында бөлінуі заңнамаға сәйкес жүргізіледі.
13.5. Серіктестік мүлкіндегі үлесінің кепілдігін тіркеу ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Тіркеуші серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізген жағдайда серіктестік мүлкіндегі үлесі кепілдігін тіркеу ҚР заңнамасы және серіктестіктің Жарғысы сақтала отырып, тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

14. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

14.1. Серіктестіктің қызметін тоқтату Қатысушылардың Жалпы жиналысының немесе соттың шешімі бойынша қайта құру немесе тарату арқылы жүргізіледі.
14.2. Серіктестікті қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, құрамынан шығуы, қайта түзілуі) ерікті түрде Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.
14.3. Серіктестік Қатысушылардың Жалпы жиналысы бірігу, қосылу, бөліну және құрамынан шығу арқылы қайта құрылу туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі айлық мерзім ішінде өзінің барлық несие берушілеріне қайта құру туралы жазбаша хабарлама жіберіп, ресми баспа орындарында тиісті хабарландыру орналастыруға міндетті.
14.4. Серіктестік өзге шаруашылық серіктестікке, өндірістік кооперативке, акционерлік қоғамға қайта құрыла алады, оған табыстау актісіне сәйкес, қайта құрылатын Серіктестіктің барлық құқықтары мен міндеттері өтеді.
14.5. Серіктестік соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін:

1) банкроттық,
2) Серіктестіктің тіркелуін оны құру кезінде жіберілген заңнама бұзушылықтарына жол берілген және олар жойылмайтын сипатта болса, жарамсыз деп танылады,
3) Қызметін тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе заңнама актілерімен тиым салынған қызметті іске асыру немесе заңнаманы бірнеше рет немесе өрескел бұзушылықпен іске асыру.

14.6. Серіктестіктің қызметін тоқтату негіздері 14.5-тармағында көрсетілген негіздерден басқа мына жағдайлар бола алады:

1) Егер жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның көлемі минималды мөлшерінен кем болса;
2) Егер Қатысушылар Серіктестіктің жарғылық капиталын осы Жарғыда белгіленген мерзімде құрамаса;
3) Заңнама актілерінде көзделген өзге негіздер.

14.7. Серіктестікті таратуды Қатысушылардың Жалпы жиналысы тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған мезеттен оған Серіктестіктің істерін басқару өкілеттіктері өтеді.

14.8. Тарату ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.
14.9. Заңды тұлғалардың мемлекеттік бірыңғай тізіліміне жазба енгізілген мезеттен тарату аяқталған, ал Серіктестік өз қызметін тоқтатқан болып саналады.

СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫ:

1. **«GIG Global Integration Group GmbH»**

оның атынан сенімхат бойынша қызмет ететін

Тулаганова Алтынгуль Бейсеновна

2. Осман- Османова Мона Самвеловна

3. Ивлева Наталья Сарсеновна, действующая по доверенности от Сартикой Талгата Леонидовича

4. Осман- Османова Мона Самвеловна, действующая по доверенности от Утепова Максима.

Первое июня две тысячи двадцать второго года, Я, Скаков Мейрам Муратович, нотариус нотариального округа города Нур-Султан, лицензия №0001479 выдана Министерством юстиции Республики Казахстан от 04.07.2003 года.

Свидетельствую подлинность подписи гражданки **Османовой Моны Самвеловны**, гражданки Уваевой Жамал Сарсеновны, действующей по доверенности от имени и в интересах **Сартиной Галины Леонидовны**, удостоверенной нотариусом города Углич Ярославской области Российской Федерации Канахистовой Л.В. от 11.04.2022 года, реестр № 76/43-н/76-2022-1-567, гражданки Жуматаевой Алтынгуль Бейсятовны, действующей по доверенности от имени Компании **«GIG Global Integration Group GmbH»** от 29.04.2020 года, гражданки Османовой Моны Самвеловны, действующей по доверенности от имени и в интересах **Утепова Максима Сергеевича**, удостоверенной нотариусом города Варна Болгария Маджуновой И. 02.04.2021 года, реестр № 2262, апостиль от 07.04.2021 года, которые сделаны в моем присутствии. Личность, подписавших документ установлена, дееспособность их, правоспособность Юридического лица Компании **«GIG Global Integration Group GmbH»**, полномочия его представителя, действующего по доверенности, полномочия представителей, действующих по доверенностям, проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 1610

Взыскано, 3645 тенге

Нотариус: _____

ES8501255220601143050H182741

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Утверждено Протоколом
Общего собрания Участников
№ 44 от «18» мая 2022 года.

У С Т А В
Товарищество с Ограниченной Ответственностью «СМЭУ Астана»

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий Устав утвержден в новой редакции в связи с изменением состава Участников.

1.2. Товарищество с ограниченной ответственностью «СМЭУ Астана», именуемое в дальнейшем Товарищество, является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан. Товарищество осуществляет свою деятельность на основе настоящего Устава, действующего законодательства Республики Казахстан.

1.2. ТОО «СМЭУ Астана» является субъектом среднего предпринимательства со среднегодовой численностью работников до 250 человек и среднегодовой стоимостью активов за год не свыше трехсотдвадцатипятитысячекратного месячного расчетного показателя.

1.3. Наименование Товарищества:
на государственном языке: «СМЭУ Астана» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Сокращенное наименование «СМЭУ Астана» ЖШС.
на русском языке: Товарищество с ограниченной ответственностью «СМЭУ Астана». Сокращенное наименование ТОО «СМЭУ Астана».

1.4. Местонахождение Товарищества: 010000, Республика Казахстан, г.Нур-Султан, район Алматы, улица Ілияс Жансүгірұлы, здание 14/3 (четырнадцать дробь три).

2. УЧАСТНИКИ ТОВАРИЩЕСТВА:

Участниками Товарищества является:

- **«GIG Global Integration Group GmbH», регистрационный номер 23635533, местонахождение: 1010, Австрия, город Вена, Тегеттхоффштрфссе 7. Beneficiary bank - Signet bank AS. Beneficiary bank address: 3 Antonijas str., Riga, LV-1010 Latvia. SWIFT code (SWIFT код): LLBBLV2X. Beneficiary name: GIG GLOBAL INTEGRATION GROUP GMBH. Beneficiary current account: LV67LLBB0003204002510.**
- **Османова Мона Самвеловна, удостоверение личности № 047653080, выдано 16.03.2020 года МВД РК, ИИН 790619400321, адрес регистрации: РК, г.Нур-Султан, ул. Саркырама дом 4, квартира 55.**
- **Сартина Галина Леонидовна, паспорт № 76 1972308, выданный МВД России 50001 22.11.2019 года, адрес регистрации: РФ, г. Санкт-Петербург, Василеостровский район, ул. Кораблестроителей, дом 40, корпус 7, лит. А, квартира 27.**
- **Утепов Максим, паспорт P KAZ N12024656, выдан 10.09.2018 МВД РК, ИИН 770324300645, адрес регистрации: РК, г.Алматы, микрорайон Мамыр 2, дом 10, квартира 3.**

Взаимоотношения между Товариществом и Участниками строятся на принципах честности, законности, соблюдения законных прав и интересов Участников, исполнения обязанностей Участниками Товарищества, добровольного волеизъявления, гласности.

3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ УЧАСТНИКОВ
